

Әдебиет пен өнер саласындағы 2008 жылғы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын беру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 25 қарашадағы N 697 Жарлығы
Әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығын
беру жөніндегі комиссияның ұсыныстарын қарап, **қаулы етемін:**

1. Әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы
Мемлекеттік сыйлығы мыналарға берілсін:

1) Майра Мұхамедқызына, әнші — 2004-2007 жылдардағы концерттік
бағдарламалары үшін;

2) Әділбек Рыскелдіұлы Жақсыбековке, жоба жетекшісі; Сәрсембек Ендібайұлы
Жүнісовке, бас сәулетші; Баир Фарденұлы Досмағамбетовке, сәулетші; Александр
Якубович Беловичке, сәулетші; Николай Васильевич Борискинге, сәулетші — Астана
қаласындағы "Дөңгелек алаң" сәулет кешені үшін.

2. Осы Жарлық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті *Н. Назарбаев*